Әділет

# Қару-жарақ, әскери техника және жекелеген қару түрлерінің айналымы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 292 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 28 сәуірде № 13645 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 14 желтоқсандағы № 215/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 14.12.2018 № 215/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондарын әзірлеу, жасау, жөндеу, сату, сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (А.Қ. Ержанов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін баспа және электрондық

түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
министрі Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛГЕН"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
__________________Е. Досаев
2016 жылғы 30 наурыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 29 наурыздағы
№ 292 бұйрығына
1-қосымша

**"Оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және сату**

**жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1. Жалпы ережелер

1. "Оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оларды өндіруге арналған арнайы материалдар мен жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берілген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу – 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның төлнұсқаларын беру – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі - монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы материалдарды және оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және ( немесе) лицензияға қосымша, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасы немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін өтініш білдірген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 22 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым - лицензия беру кезіндегі ставканың 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен аспайды.

3) лицензияның телнұсқасын беру – лицензия беру кезіндегі ставканың 100 % -ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

"Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10195 болып тіркелген) 1, 3-қосымшаларға сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін заңды және жеке тұлғаның өтініші;

заңды тұлға үшін – өтініш берушінің заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы анықтамасы;

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жеке кәсіпкер үшін – өтініш берушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

лицензияны қайта ресімдеу үшін "электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы материалдарды және оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны;

күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атыс қаруын пайдалана отырып, күзетуге арналған шарттың көшірмесі;

монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру жөніндегі кіші қызмет түрі үшін әзірлеу және өндіру мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығының көшірмесі;

монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды жөндеу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін әзірлеу және өндіру мәселелері жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығының көшірмесі;

2) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші осы тармақтың 1) тармақшасының екінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацына сәйкес құжаттарды ұсынады:

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

бұйрыққа 4 және 5-қосымшаларға сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке және заңды тұлғаның өтініші;

лицензияны қайта ресімдеу үшін "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмесі;

4) тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алуға мүмкіндік болмаған жағдайда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

еркін нысандағы өтініш;

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландырылатын құжаттың көшірмесі;

лицензияның телнұсқасын алу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы тармақтың бірінші бөлімі 1) тармақшасының екінші абзацына сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жеке және заңды тұлғаның өтінішін;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін;

күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйымның атыс қаруын пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың электрондық көшірмесін;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы материалдарды және оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысанын;

монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы

бұйымдары мен аспаптарын әзірлеу, өндіру жөніндегі қызметтің кіші түрін әзірлеу және өндіру мәселелері бойынша нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмесін;

монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын жөндеу жөніндегі қызметтің кіші түрін жөндеу мәселелері бойынша нормативтік-техникалық құжаттар жиынтығының электрондық көшірмесін;

2) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші осы тармақтың бірінші бөлімі 1) тармақшасының екінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацына сәйкес құжаттарды ұсынады:

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында, осы тармақтың бірінші бөлімі 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды және жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

4) тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған жағдайда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы еркін нысандағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияның телнұсқасын алу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дербес кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, ЭҮТШ арқылы төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) – құжаттар топтамасын қабылдау күнін және уақытын көрсете отырып, оның

көшірмесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі өтініштің қағаз тасығышта қабылданғанын растау болып табылады;

2) портал арқылы - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен

орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасаудың тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішин өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағым жасай алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқығы бар.

## 4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің - www.comprom.kz интернет-ресурсында, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.

14. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қолжетімділік режимінде алу мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтің байланыс телефондары: 8 (7172) 75-41-02, 75-41-04, мемлекеттік

қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

"Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды,
орнатуды, пайдалануды, сақтауды,
жөндеуді және сервистік қызмет
көрсетуді қоса алғанда,
оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери
техниканы, олардың қосалқы
бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары
мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы
материалдарды және оларды өндіруге
арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру,
жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі
қызметті жүзеге асыруға лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына қосымша

**Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы материалдарды және оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру, жөндеу, сатып алу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне мәліметтер нысаны**

1. Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды әзірлеу, өндіру жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы қажет:

1) заңды тұлға басшысының немесе басшысы орынбасарының, соның ішінде оның филиалы басшысының немесе оның басшысы орынбасарының, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыратын жеке тұлғаның жоғары техникалық білімі:

тегі, аты, әкесінің аты ________________________________________;

лауазымы ______________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні__________;

білімі бойынша мамандығы ______________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген

күні ______________________________________________________________
_;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы ____________________;

2) тиісті техникалық білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандар:

тегі, аты, әкесінің аты _____________________________________;

лауазымы _______________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні _________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі _________________________________;

білімі бойынша мамандығы _____________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні______________________________________________________________
_;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы ____________________;

3) мыналарды:

арнайы өндірістік ғимаратты_________;

жабдықтарды, стендті, көтергіш механизмді_________________;

әзірленген және өндірілетін өнімді сақтау және оларға бақылау сынақтарын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған аумақтар мен үй-жайларды_______________________________________________________
__;

жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайларды_______________________________________________________
__;

қамтитын меншік құқығындағы (арнайы экономикалық аймақта орналасқан кәсіпорындарға меншік құқығындағы өндірістік-техникалық базаның (қойманың) және технологиялық жабдықтардың болуы міндетті емес) немесе өзге де заңды негіздегі қоршалған, оқшауланған қолданыстағы нормативтерде көзделген тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан, өндірістік-техникалық базасы:

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (мекенжайы) ___________;

егер өзге заңды негізде болған жағдайда шарттың нөмірі мен күні______________________________________________________________
_;

шарт жасалған ұйымның атауы __________________________________;

қоршау, оқшалау, тұрғын және өндірістік объектілерінен қашықтығы туралы ақпарат, метрде_________________________________________
;

4) қызметтің мәлімделген түрі бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық органдарының рұқсаты:

рұқсаттың нөмірі мен берілген күні ___________________________;

рұқсатты берген ұйымның атауы _________________________________;

5) пайдалану шарттарына және олар үшін белгіленген өлшеу құралдарын қамтамасыз ету туралы заңнаманың талаптарына жауап беретін өлшеу құралдары :

өлшеу құралдары туралы ақпарат ________________________________;

өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттың нөмірі мен

берілген күні _________________________________________________________;

6) ұйымның басшысы бекіткен әзірлеу және өндіру жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар:

ұйымның басшысы бекіткен әзірлеу және өндіру жұмыстарын

қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар туралы ақпарат ______________;

7) материалдарды, жартылай фабрикаттарды (әзірлемелерді), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал:

материалдарды, жартылай фабрикаттарды (әзірлемелерді),

жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу

және сақтау жөніндегі журнал туралы ақпарат _________________________.

2. Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды және оларды өндіруге арналған жабдықтарды жөндеу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы қажет:

1) заңды тұлға басшысының немесе басшысы орынбасарының, оның ішінде филиалы басшысының немесе оның басшысы орынбасарының, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлғаның жоғары техникалық білімі:

тегі, аты, әкесінің аты ________________________________________;

лауазымы ______________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні__________;

білімі бойынша мамандығы ________________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген

күні________________________________________________________________________;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы______________________;

2) тиісті техникалық білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандар:

тегі, аты, әкесінің аты ________________________________________;

лауазымы _______________________________________________________;

тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні__________;

мамандығы бойынша жұмыс өтілі ___________________________________;

білімі бойынша мамандығы ______________________________________;

жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні_________________________________________________________________ _;

дипломды берген жоғары оқу орнының атауы______________________;

3) мыналарды:

арнайы өндірістік ғимаратты, ангар______________________________;

жабдықтарды, стендіні, көтергіш механизмді____________________;

жөндеу жүргізілгеннен кейін өнімді сақтау және оларға бақылау сынақтарын жүргізуге арналған арнайы жабдықталған аумақтар мен үй-жайларды_________________________________________________________ __;

жұмысшы персоналды орналастыруға арналған қызметтік үй-жайларды_________________________________________________________ __;

қамтитын меншік құқығындағы (арнайы экономикалық аймақта орналасқан кәсіпорындарға меншік құқығындағы өндірістік-техникалық базаның (қойманың) және технологиялық жабдықтардың болуы міндетті емес) немесе өзге де заңды негіздегі қоршалған, оқшауланған, қолданыстағы нормативтерде көзделген тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан өндірістік-техникалық базасы:

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (мекенжайы) ___________;

егер өзге заңды негізде болған жағдайда шарттың нөмірі мен күні_________________________________________________________________ _;

шарт жасалған ұйымның атауы ____________________________________;

қоршау, оқшаулау, тұрғын үй және өндірістік объектілерінен қашықтығы туралы ақпарат, метрде_____________________________________ ;

4) қызметтің мәлімделген түрі бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтер пайдаланылатын жұмысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық органдарының рұқсаттары:

рұқсаттың нөмірі мен берілген күні ___________________________;
рұқсатты берген ұйымның атауы _________________________________;
5) пайдалану шарттарына және олар үшін белгіленген өлшеу құралдарын қамтамасыз ету туралы заңнаманың талаптарына жауап беретін өлшеу құралдары :
өлшеу құралдары туралы ақпарат ________________________________;
өлшеу құралдарын тексеру туралы сертификаттың нөмірі мен
берілген күні ________________________________________________________;
6) материалдарды, жартылай фабрикаттарды (әзірлемелерді), жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал:
материалдарды, жартылай фабрикаттарды (әзірлемелерді),
жинақтаушы бөлшектерді, дайын және жарамсыз бұйымдарды есепке алу
және сақтау жөніндегі журнал туралы ақпарат ________________________;
7) ұйымның басшысы бекіткен әзірлеу, өндіру жұмыстарын қауіпсіз жүргізу жөніндегі нұсқаулықтар:
ұйымның басшысы бекіткен әзірлеу, өндіру жұмыстарын қауіпсіз
жүргізу жөніндегі нұсқаулық туралы ақпарат _________________________.
3. Монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды сатып алу және өткізу жөніндегі кіші қызмет түрі үшін мыналардың болуы қажет:
1) заңды тұлға басшысының немесе басшысы орынбасарының, оның ішінде филиалы басшысының немесе оның басшысы орынбасарының, сондай-ақ лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын жеке тұлғаның жоғары техникалық білімі:
тегі, аты, әкесінің аты ______________________________________;
лауазымы _______________________________________________________;
тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні__________;
білімі бойынша мамандығы _____________________________________;
жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген
күні ______________________________________________________________
_;
дипломды берген жоғары оқу орнының атауы______________________;
2) тиісті техникалық білімі, мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар білікті мамандар:
тегі, аты, әкесінің аты _______________________________________;

лауазымы ________________________________________________________;
тағайындау туралы бұйрықтың нөмірі мен берілген күні__________;
мамандығы бойынша жұмыс өтілі ____________________________________;
білімі бойынша мамандығы ________________________________________;
жоғарғы техникалық білімі туралы дипломның нөмірі мен берілген күні_________________________________________________________________
_;
дипломды берген жоғары оқу орнының атауы_______________________;

3) оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жинақтаушы бұйымдары мен аспаптарын, арнайы материалдарын сақтауға арналған, қоршалған, оқшауланған қолданыстағы нормативтерде көзделген тұрғын үйлер мен өндірістік объектілерден қауіпсіз қашықтықта орналасқан, меншік құқығындағы (арнайы экономикалық аймақта орналасқан кәсіпорындарға меншік құқығындағы өндірістік-техникалық базаның (қойманың) және технологиялық жабдықтардың болуы міндетті емес) немесе өзге де заңды негіздегі арнайы жабдықталған қойма:

жылжымайтын мүліктің кадастрлық нөмірі (мекенжайы)_____________
егер өзге де заңды негізде болған жағдайда шарттың нөмірі мен күні_________________________________________________________________
_;
шарт жасалған ұйымның атауы ____________________________________;
қоршау, оқшаулау, тұрғын үй және өндірістік объектілерінен қашықтығы туралы ақпарат, метрде_____________________________________
;

4) қызметтің мәлімделген түрі бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалана отырып, жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің немесе оның аумақтық органдарының рұқсаттары:

рұқсаттың нөмірі мен берілген күні ____________________________;
рұқсат берген ұйымның атауы ______________________________________;

5) монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал:

монтаждауды, реттеуді, жаңғыртуды, орнатуды, пайдалануды, сақтауды, жөндеуді және сервистік қызмет көрсетуді қоса алғанда, оқ-дәрілерді, қару-жарақ пен әскери техниканы, олардың қосалқы бөлшектерін, жиынтықтаушы бұйымдары мен аспаптарын, сондай-ақ арнайы

материалдарды, оларды өндіруге арналған жабдықтарды есепке алу және сақтау жөніндегі журнал туралы ақпарат ______________________________.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2016 жылғы 29 наурыздағы
№ 292 бұйрығына
2-қосымша

## "Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1. Жалпы ережелер

1. "Босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беруді:

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

4) "электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасы тапсырылған, сондай-ақ порталға өтініш берілген сәттен бастап:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу – 3 (үш) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушыны бөліп шығару немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастыру кезінде лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның төлнұсқаларын беру – 2 (екі) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі белгіленген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі - босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, қайта ресімделген лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшанының телнұсқасы немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды түрінде.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін қағаз тасығышта алу үшін өтініш білдірген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық форматта ресімделіп, басып шығарылады, көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және қолымен расталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақылы түрде көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының орналасқан жері бойынша бюджетке жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) аталған қызмет түрімен айналысу құқығына лицензия беру кезінде лицензиялық алым 22 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алым - лицензия беру кезіндегі ставканың 10 %-ын құрайды, бірақ 4 АЕК-тен аспайды.

3) лицензияның телнұсқасын беру – лицензия беру кезіндегі ставканың 100 % -ын құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу қолма-қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы алуға электрондық сұрау салу берілген жағдайда төлем "электрондық үкіметке" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі асқа үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі.

2) порталдың - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініш пен мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушының (не оның өкілінің) жүгінуі кезінде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі көрсетілетін қызметті берушіге:

1) Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды ұсынады:

"Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға және қайта ресімдеуге арналған өтініштердің нысандарын, лицензиялардың және (немесе) лицензияларға қосымшалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығына (бұдан әрі – Бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10195 болып тіркелген) 1, 3-қосымшаларға сәйкес

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін заңды және жеке тұлғаның өтініші;

заңды тұлға үшін – өтініш беруші заңды тұлғасының мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамасы;

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

жеке кәсіпкер үшін – өтініш берушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқа ұсынылмаған жағдайда нотариалды куәландырылған) көшірмесі;

"электрондық үкімет" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;

өрт қауіпсіздігі және күзет шараларын ұйымдастыруға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі;

өндірістік-техникалық базасының иеленушісі мен күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен атыс қаруын пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттарға мәліметтер нысаны;

2) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші осы тармақтың 1) тармақшасының екінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы абзацына сәйкес құжаттарды ұсынады:

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

Бұйрыққа 4 және 5-қосымшаларға сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке және заңды тұлғаның өтініші;

лицензияны қайта ресімдеу үшін электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмесі;

4) тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алуға мүмкіндік болмаған жағдайда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

еркін нысандағы өтініш;

жеке тұлға үшін – жеке басын куәландырылатын құжаттың көшірмесі;

лицензияның телнұсқасын алу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы (не оның өкілі) порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы осы тармақтың бірінші бөлімі 1) тармақшасының екінші абзацына сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жеке және заңды тұлғаның өтінішін;

ЭҮТШ арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесін;

өрт қауіпсіздігі және күзет шараларын ұйымдастыруға жауапты адамды тағайындау туралы бұйрықтың электрондық көшірмесі;

күзет қызметіне лицензиясы бар мамандандырылған ұйыммен және өндірістік-техникалық база иесімен атыс қаруын пайдалана отырып күзетуге арналған шарттың электрондық көшірмесін;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының қосымшасына сәйкес нысан бойынша біліктілік талаптарына сәйкес босатылатын оқ-дәрілерді, қару-жарақтарды, әскери техниканы, арнайы құралдарды жою (құрту, кәдеге жарату, көму) және қайта өңдеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттарға мәліметтер нысаны;

2) жарамды лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші осы тармақтың 1) тармақшасының екінші, жетінші, сегізінші, тоғызыншы абзацына сәйкес құжаттарды ұсынады:

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанында, осы тармақтың бірінші бөлімі 3) тармақшасының екінші абзацына сәйкес лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды және жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

алынатын ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмесі.

4) тиісті ақпараттық жүйелерден лицензия туралы мәліметтер алу мүмкіндігі болмаған жағдайда лицензияның және (немесе) лицензияға қосымшаның телнұсқасын алу үшін:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы еркін нысандағы сұрау;

ЭҮТШ арқылы ақысын төлеуді қоспағанда, лицензияның телнұсқасын алу үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны, дербес кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, ЭҮТШ арқылы төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде:

1) көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошта байланысы арқылы) – құжаттар топтамасын қабылдау күнін және уақытын көрсете отырып, оның көшірмесіндегі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы белгі өтініштің қағаз тасығышта қабылданғанын растау болып табылады;

2) портал арқылы - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынған;

2) лицензиялық алым енгізілмеген;

3) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оларға тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған;

5) сот орындаушысының ұсынуы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы-борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған жағдайларда жүзеге асырылады.

## 3. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына не 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 32/1, "Транспорт Тауэр" ғимараты, № 2117 кабинет мекенжайы бойынша Министрлік басшылығының атына беріледі, телефоны: 8 (7172) 75-48-66, 75-49-14.

Шағым пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушы тегін, атын, әкесінің атын, пошталық мекенжайын, шығыс нөмірі мен күнін көрсетеді. Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы тиіс.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде қабылдап алған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алудың мерзімі мен орны көрсетіле отырып, шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасаудың тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинеттен" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің өтінішін өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау, туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады .
